

## Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 қазандағы N 1459 Жарлығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 25 маусымдағы N 622 Жарлығы

### ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. "Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 қазандағы N 1459 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., N 39, 516-құжат; 2006 ж., N 18, 168-құжат, 2007 ж., N 43, 496-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында:

"Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетігі" деген 5-бөлімде:

"Орта білім беру" деген кіші бөлімде:

бесінші абзацтағы "2008 - 2009 оқу жылы" деген сөздер "2010 - 2011 оқу жылы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Техникалық және кәсіптік білім беру" деген кіші бөлімде:

екінші абзацтағы "түрлері" деген сөз "бағыттары" деген сөзбен ауыстырылсын;

жетінші абзац "деңгейіне байланысты" деген сөздерден кейін "және тиісті мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартымен айқындалады" деген сөздермен толықтырылсын;

"Орта білімнен кейінгі білім беру" деген кіші бөлімде:

екінші абзацта:

"жоғары оқу орындары бакалавриатының" деген сөздер "жоғары білім берудің" деген сөздермен ауыстырылсын;

"біріктірілген" деген сөз "интеграцияланған" деген сөзбен ауыстырылсын;

"Білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесі" деген кіші бөлімде:

он бесінші абзацтағы "жоғары оқу орындарын институционалдық аккредиттеуді және кәсіптік білім беретін оқу бағдарламаларын" деген сөздер "институционалдық және мамандандырылған" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер және оның индикаторлары" деген 7 - бөлімде:

"Екінші кезең (2008-2010 жылдар)" деген кіші бөлімде:

он үшінші абзацтағы "институционалдық бағаны және шетелдік жетекші аккредиттеу агенттіктерінің талаптары деңгейінде кәсіптік білім беретін оқу бағдарламаларын" деген сөздер "шетелдік жетекші аккредиттеу агенттіктерінің

талаптары деңгейінде институционалдық және мамандандырылған" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*  
*Президенті* *Н. НАЗАРБАЕВ*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ